

6D080800 - «Топырақтану және агрохимия» мамандығының докторанты Бейсенбаева Маусымжанның Есболовнаның "Оңтүстік Қазақстанның кәдімгі сұр топырақтарының суару және минералдық коректену режимдерін оңтайландырудың майбұршақ өнімділігіне әсері" тақырыбында жазылған диссертациясына және докторантқа ғылыми жетекшінің

ПІКІРІ

Бейсенбаева Маусымжанның Есболовнаның жазған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министірлігінің тапсырысы бойынша мемлекеттік тіркеу номері № 0118РК01208 болатын «Әлемдік әртүрлілікті пайдалана отырып, елдің әртүрлі өңірлері үшін жаңа, жоғары өнімді, стресстік факторларға төзімді ортада жоғары сапалы майбұршақ сорттарын құру және енгізу» тақырыбында ғылыми жобасы бойынша жүргізілді.

Еліміздің ауыл шаруашылығы саласын көтеру үшін астық өндірісін арттырудың маңызы зор, себебі дәнді дақылдар адам өмірінің маңызды азығы ғана емес, сонымен қатар мал және құстарға таптырмас азық болып табылады. Сол себептен де еліміздің егістік алқабының құрылымында ең көп үлесті дәнді дақылдар алып жатыр. Ол еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға, халық шаруашылығын шикізатпен қамтамасыз етуге, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге және өндейтін жұмысшылардың әл-ауқаты мен тұрмысын жақсартуға бағытталған. Еліміздегі басты дәнді дақылдарды өндіретін аймақтың бірі - Қазақстан оңтүстік өңірі болып табылады. 2020 жылғы мәліметке сай бұл аумақта дәнді (күрішті қосқанда) және бұршақ дақылдарының анықталған егістік алқабы жыл сайынғы жалпы 847,9 мың.га егістік жердің 304,6 мың.га егіс көлемін құрады. Майбұршақ бұршақтары (Glucine max) әлемдегі ең құнды дақылдардың бірі ретінде тек майлы дақылдар мен мал және акваөсіру үшін жем ретінде ғана емес, сонымен қатар адам рационы үшін ақуыздың жақсы көзі және биоотын шикізаты ретінде қызмет етеді. Дүниежүзілік майбұршақ өндірісі 1961 жылдан 2007 жылға дейін жыл сайын 4,6%-ға өсіп, 2005-07 жылдары орташа жылдық өндіріс 217,6 млн тоннаға жетті.

Оңтүстік Қазақстанның табиғи климаттық ерекшелігіне бейім майбұршақтың "Ласточка" сортын суарудың және тыңайтқыштар қолдана отырып өсіріп, мол өнім алу болып табылады, ұсынылған агротехнология негізінде майбұршақ өнімділігі 1,6 - 1,7 есе және одан да жоғары деңгейге бақылау нұсқасымен салыстырғанда жоғарылатады. Майбұршақ тұқымын себер алдында микротыңайтқыш "Оракул" 1,5 л/т –өсімдік өскінін үдеткіш "Вымпел"-0,5 л/т өңдеп еккен кезде "Оракул" микротыңайтқышмен 2,0 л/га+өскін үдеткіш "Вымпел"-0,5 л/га мөлшерінде егістік танапты бүркіп жапырағын өндеген бесінші нұсқада майбұршақтың биіктігі 77,8 см жетіп, 1000 дәннің массасы 116,0 г деңгейінде суару жүйесіне байланысты ауытқыды және дән өнімділігі сәйкесінше 26,0 ц/га болды. Жасалынған әдіс-тәсілдер қолданбалы, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен мақсаттарында пайдалануға болады. Алынған

нәтижелер дақылдың өнімділігін арттырады, суарудың және тыңайтқыштар қолданудың экономикалық тиімділігін және қысқа мерзім кезеңінде өзін-өзі ақтауын және одан әрі жоғары таза табыс ала отырып, майбұршақтың рентабельді өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Зерттеулер нәтижесінде алынған деректер аграрлық ғылымның дамуына және оның нәтижелерін өндіріске ендіру шаруалар тарапынан үлкен қызығушылыққа ие.

Автордың өзіне келетін болсақ, ізденуші Бейсенбаева Маусымжан бакалаврда, магистратурада оқыған кезінен бастап ғылыми жұмыстарға араласуда. Ол ғылыми жұмысты жүргізу барысында далалық және зертханалық әдістерді меңгеруді жетілдіріп, өзінің ғылымға бейім, жауапты және еңбекқор жас ғалым ретінде көрсетті. Зерттеу нәтижелері бойынша жинақталған деректеріне сәйкес аталған диссертациялық жұмысын тиянақты орындады. Онымен қоса «топырақтан және агрохимия» кафедрасының оқу үдерісін ойдағыдай аяқтап, өзін тиянақты, білімі нақтылы, мәліметтерді жылдам қабылдап, терең және жан-жақты салыстыра зерттеуді жүргізе алатын азаматша екендігін дәлелдеді. Сондықтан болар Бейсенбаева Маусымжанның ғылымға деген қызығушылығы диссертациялық жұмысты жоғары деңгейде жазуға және оның мазмұнын терең ашуға мүмкіндік берді. Оның нәтижелері келешекте еліміздің стратегиялық міндеттерін шешуге бағытталады.

Қорыта келе, Бейсенбаева Маусымжанның Есболовнаның «Оңтүстік Қазақстанның кәдімгі сұр топырақтарының суару және минералдық қоректену режимдерін оңтайландырудың майбұршақ өнімділігіне әсері» тақырыбында жазылған диссертациясы, өзінің ғылыми жаңашылдық элементтері бойынша Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрінің Дәрежелер беру қағидаларына сәйкес.

Ал диссертациялық жұмыстың авторы Бейсенбаева Маусымжан Есболовна жетілген жас ғалым ретінде 6D080800 – «Топырақтану және агрохимия» мамандығы бойынша философия докторы PhD дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

**Ғылыми кеңесші,
ҚазҰАЗУ-нің «Топырақтану,
агрохимия және экология»
кафедрасының
а-ш.ғ.к., профессор**



Жаппарова А.А

